

ӘОЖ 8.80.801.8; МҒТАР 16.21.39
<https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.83>Ә. ТӘУБЕЕВА *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: nur-muba19@mail.ru***ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ЕТІС КАТЕГОРИЯЛАРЫН САЛҒАСТЫРУ**

Аңдатпа. Мақаладағы зерттеудің басты мақсаты болып қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларын салғастырмалы түрде талдау арқылы екі тілдегі функционалды байланыстарын анықтау. Мақаланың маңыздылығы екі тілдегі етіс категорияларының семантикалық және функционалдық аспектілерін салғастырмалы түрде талдануында; сабақты және ырықсыз етістердің құрылымындағы рөлдерін зерттеу және тіл білімі саласындағы жаңа білімдерді қалыптастыруға үлес қосу. Қазақ тілінде сабақты етістің қазіргі тіл біліміне қайта енгізу мәселесі түсіндіріледі. Оның сөйлемдегі функционалдылығының мәні ағылшын тіліндегі «active voice»-пен салғастыра отырып ашылады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сабақты етіс категорияларының семантикалық аспектілері мәтіндегі ойды тікелей жеткізу арқылы оқырманға эмоционалды сезім берумен қатар, тақырыптық дамуды тереңдететінін екі тілдегі сабақты етістер бірдей мағыналық сипат бере алатынынан көруге болатыны дәлелденеді. Ырықсыз етістің функционалдылығы екі тілдің де мәтіндегі стратегиялық түрде салдарлар мен эмоциялық тереңдікті атап өту үшін пайдаланылатыны көрсетіледі. Зерттеудің нәтижелері тіл білімінің өрісінде жаңа білімдерді қалыптастыруға, тіл құрылымындағы функционалдық байланыстарды ашық көрсетуге және тілдердің даму динамикасын түсінуге мүмкіндік береді. Ырықсыз етістің семантикасы іс-әрекет жасаушылардың ішкі дүниесіне тереңірек үңілуге мүмкіндік беретіні мақаланың талдау нәтижесінде көрінеді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларын салғастыру білімі қолданбалы қазақ тілі мамандығында тілдік құбылыстарды жан-жақты талдаудағы қажеттілігі көрсетіледі. Осы зерттеулер арқылы тіл білімінде теориялық және әдіснамалық негіздердің дамуына үлес қосатыны түсіндіріледі. Талдау нәтижелері екі тілдегі етістердің функционалдық және семантикалық аспектілерін ашып көрсетіп, тіл білімі саласындағы маңызын айқындайды. Мақаланың зерттеу әдістері тіл біліміндегі зерттеу міндеттері мен мақсаттарына сай қарастыра отырып, қазақ және ағылшын тілдерінде жазылған мәтіндерден алынған үлгілерін талдау арқылы етіс категорияларының қолданылуы зерттеледі. Етістердің семантикалық мағыналары анықталады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларын салғастыру тілдер арасындағы грамматикалық және семантикалық байланыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік беру және тіл біліміне үлес қосу.

Кілт сөздер: салғастыру, етіс, құрылымдық, функционалдық, категория.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Тәубеева Ә. Қазақ және ағылшын етіс категорияларын салғастыру // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №3 (133). – Б. 168–179. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.83>

***Cite us correctly:**

Taubeeva A. Qazaq jane agylshyn etis kategorialaryn salgastyru [Comparison of Voice Categories in Kazakh and English] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2024. – №3 (133). – B. 168–179. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.83>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.04.2024 / қабылданған күні 27.09.2024

A. Taubeyeva

*PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: nur-muba19@mail.ru*

Comparison of Voice Categories in Kazakh and English

Abstract. The primary aim of the study, presented in this article, is to identify the functional connections between the categories of voice in Kazakh and English through comparative analysis. The significance of the article lies in the comparative examination of the semantic and functional aspects of voice categories in both languages; exploring the roles of active and passive voice within the language structure and contributing to the formation of new knowledge in the field of linguistics. The article addresses the issue of reintegrating the active voice into modern Kazakh linguistics. Its functional significance within sentences is elucidated by comparing it with the “active voice” in English. It is demonstrated that the semantic aspects of the active voice in both languages are equally capable of conveying emotional impact to the reader and deepening thematic development. The functionality of the passive voice is strategically used in texts of both languages to highlight the consequences of actions and emotional depth. The results of the research enable the formation of new knowledge in linguistics, clearly demonstrate functional connections in language structure, and enhance understanding of language development dynamics. The semantics of the passive voice allow for a deeper insight into the internal world of the actors, as evidenced by the analysis in the article. Comparing the categories of voice in Kazakh and English underscores the need for a comprehensive analysis of linguistic phenomena in the applied specialization of the Kazakh language. These studies contribute to the development of theoretical and methodological foundations in the field of linguistics. The findings reveal the functional and semantic aspects of voices in both languages, highlighting their importance in the field of linguistics. The research methods of the article align with the goals and objectives of the study in linguistics, and the analysis of examples taken from texts in Kazakh and English enables an investigation into the use of voice categories. The semantic meanings of the voices are determined. Comparing the voice categories in Kazakh and English provides an opportunity to better understand the grammatical and semantic connections between languages and contributes to linguistics.

Keywords: comparison, voice, structural, functional, category.

A. Таубеева

*PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: nur-muba19@mail.ru*

Сопоставление категории залогов казахского и английского языка

Аннотация. Основной целью исследования, представленного в статье, является выявление функциональных связей между категориями залога в казахском и английском языках путем их сравнительного анализа. Важность статьи заключается в сравнительном анализе семантических и функциональных аспектов категорий залога в обоих языках; изучении ролей активного и пассивного залогов в структуре языка и внесении вклада в формирование новых знаний в области языкознания. В статье объясняется вопрос реинтеграции активного залога в современное языкознание казахского языка. Его функциональное значение в предложении раскрывается путем сравнения с «active voice» в английском языке. Доказывается, что семантические аспекты активного залога в обоих языках одинаково способны передавать эмоциональное воздействие читателю и углублять тематическое развитие. Функциональность пассивного залога используется в текстах обоих

языков стратегически для выделения последствий действия и эмоциональной глубины. Результаты исследования позволяют формировать новые знания в области языкознания, ясно демонстрировать функциональные связи в структуре языка и понимать динамику развития языков. Семантика пассивного залога позволяет глубже проникнуть во внутренний мир действующих лиц, что видно из анализа статьи. Сравнение категорий залога в казахском и английском языках показывает необходимость всестороннего анализа языковых явлений в прикладной специализации казахского языка. Эти исследования способствуют развитию теоретических и методологических основ в области языкознания. Результаты анализа раскрывают функциональные и семантические аспекты залогов в обоих языках, подчеркивая их значимость в области языкознания. Методы исследования статьи соответствуют целям и задачам исследования в области языкознания, а анализ примеров, взятых из текстов на казахском и английском языках, позволяет исследовать использование категорий залога. Семантические значения залогов определяются. Сравнение категорий залога в казахском и английском языках обеспечивает возможность глубже понять грамматические и семантические связи между языками и вносит вклад в языкознание.

Ключевые слова: сравнение, залог, структурный, функциональный, категория.

Кіріспе

Технология дамуының қарқынына ілесе, тіл білімі саласы да күннен-күнге дамып, қазіргі кезде өзекті зерттеулерге бай. Аталмыш салада қазақ тіл білімі өз алдына нақты зерттеулердің нысанасына айналып, оның көпқырлы аспектілері ашылуда. Бұл бағыттағы алғашқы негіз салушы ретінде А. Байтұрсынұлының тіл бірліктерін функционалды тұрғыдан зерттеуі ерекше атап өтуге тұрарлық. Оның ізбасарлары Қ. Кеменгерұлы, Қ. Жұбанов және басқа да ғалымдарымыз ХХ ғасырдың басы мен ортасынан бастап бүгінге дейінгі кезеңде қазақ тілін зерттеуде зор үлес қосқан. Өзге де зерттеушілер сияқты А. Салқынбай, Д. Әлкебаева, Р. Ниязова және басқа мамандардың тіл білімінде еңбегі зор.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістерді салғастырып зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын тілдерінің құрылымдық және функционалдық аспектілеріне терең зерттеу жүргізе отырып, қазіргі «қолданбалы қазақ тілі» мамандық иелерінің алдағы уақыттағы жұмыстарына жеңілдік жасау. Осы зерттеулер қазақ және ағылшын тілдерінің грамматикалық құрылымын жете түсіну үшін маңызды. Әсіресе, тілдің әртүрлі етіс формаларын, сөйлемдегі қызметтерін және мағыналық әсерлерін талдау арқылы тіл білімі саласындағы жаңа теориялық бағыттарды қалыптастыруға және тілдік құбылыстардың күрделілігін ашуға ықпал етеді.

Осы зерттеулер технологиялық дамудың қарқынына ілесе дамып келе жатқан тіл білімінің өзекті мәселелерін шешуге, қазақ және ағылшын тілдерінің көпқырлы аспектілерін зерделеуге және әртүрлі тілдік функциялардың өзара әрекеттестігін түсінуге бағытталған. Бұл ғылыми зерттеулердің нәтижелері тіл біліміндегі маңызды тұжырымдамаларды бекітуге және дамытуға өз үлесін қосады, сондай-ақ басқа тіл білімі мамандарына зерттеулерін одан әрі жалғастыру үшін негіз болады.

Қазақ тілінің құрылымдық грамматикалық зерттеулері ұзақ тарихы бар, әрі бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан үрдіс. Тілдің құрылымы мен функциясы тіл білімі ғылымындағы негізгі зерттеу объектілерінің бірі болып табылады. А. Байтұрсынұлы сияқты тұңғыш зерттеушілерден бастап, тіл біліміндегі түрлі зерттеулер тілдің құрылымдық және функционалдық аспектілерін қамтиды. Тілдің өзгермелі табиғаты мен даму динамикасын түсіну үшін зерттеушілер тілдің тек құрылымын ғана емес, сонымен қатар оның қолданыс аясы мен функционалдық мәнін де зерттеуге көшті. Мұндай көзқарастың бастауы, әрине, А. Байтұрсынұлының еңбектерінде жатыр, ол тіл бірліктерінің функционалды маңызын

ашуда алғашқы қадамдарды жасады. Оның зерттеулерінде тікелей «функционалдық» термині кездеспесе де, тілдің құрылымдық бөлшектерінен функционалдық рөлдердің маңызы айқын байқалады. Бұл тұжырымдама кейінірек М. Қашқари сияқты зерттеушілердің еңбектерінде де тереңдетіліп, дамытылды. Тілдің құрылымдық қасиеттері мен функционалдық мүмкіндіктерін толыққанды зерттеу арқылы ғана, оның бай мәнін ашып, тілдік құбылыстардың кең ауқымын түсінуге болады.

Функционалды грамматикадағы категориялардың мәнін тереңдете зерттеу арқылы, ғалымдардың зерттеулері бойынша, бұл категориялар сөйлемде әртүрлі маңызды қызметтер атқаратынын көреміз. Олардың әрқайсысы сөйлемдік құрылымда өзара тығыз байланыста болып, сөйлемнің мағыналық байланысы мен толықтығын қамтамасыз етеді. Осы арқылы сөйлемдегі ойдың жеткізілуі және түсініктілігі артады. Функционалды грамматика саласында атап өтілетін негізгі категориялардың қатарына аспектуалдық, субъектілік, поессивтік, модальдық, каузалдық, таксистік, темпоралдық және локальдық [1, 34-б.] сияқты категориялар жатады. Осы категориялардың әрқайсысының маңызын түсіну үшін олардың сөйлемдегі рөлдеріне және беретін мағыналарына тереңірек зерттеу жүргізу қажет. Бұл талдау қазақ тіліндегі етістердің сөйлем ішіндегі қызметтерін айқындауда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл мақала қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларын салғастыруды көздейді, бұл ретте фактілерге сүйене отырып, теориялық тұжырымдамалар мен болжамдарды салыстыруға қолданылатын әдістердің кең ауқымы қолданылды. Сипаттама әдісі, құрылымдық-семантикалық талдау және салғастырмалы талдау сияқты әдістерді қолдану арқылы зерттеушілер тілдік категориялардың өзара қатынастарын және сөйлем ішіндегі атқаратын қызметтерін жүйелі түрде зерттейді. Мұндай жүйелі талдау тіл білімі саласындағы теориялық тұжырымдамаларды қалыптастыруға және тілдік феномендердің күрделілігін ашуға мүмкіндік береді. Мақалада көтерілген мәселелерді зерттеу барысында қазақ, орыс және шетел тілдерінің әдістемесі мен логикасын талдауға А. Байтұрсынұлы, М.А. Шелякин, Н. Сауранбаев сияқты ғалымдардың ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектері, сөздіктері және мақалалары пайдаланылды. Осы арқылы зерттеушілер тілдік категориялардың маңызын және сөйлемдегі рөлдерін тереңірек түсінуге қол жеткізе алды.

Зерттеудің міндеттерінің бірі қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категориялардың сөйлем ішіндегі қызметтері мен мағыналық функционалдық аспектілерін тереңдете зерттеу және рөлдерін ашып көрсету орын алады. Осыған байланысты функционалдық талдау жайында айтар болсақ, ол Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде көрсетілген тілдік бірліктердің сөйлем ішіндегі қызметінің маңызына назар аударылады. А. Байтұрсынұлының өз заманында қолданған тәсіліне функционалды талдау деген заманауи атау бере отырып, мәтіндегі етіс түрлерін талдап, тіл біліміндегі классикалық тұжырымдамаларды жаңғыртуға және тереңдетуге ұмтыламыз.

Құрылымдық семантикалық зерттеулер кезегінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларының сөйлем ішінде қандай мағына беретінін талдау арқылы тілдің бай мағыналық әлеуетін ашуға болады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларын салғастырып зерттеу барысында, әрине, салғастырмалы талдау жүргізетініміз анық. Бұл талдау екі тілдің грамматикалық тұрғысынан етіс категориялардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарды түсіну үшін жасалады. Сонымен қатар, бұл талдау тіл біліміндегі универсалды және тілге тән ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік туады және бұның маңыздылығы жоғарыда атап өткен «қолданбалы қазақ тілі» мамандығының қарастыратын мәселелеріне жол ашып беретініне сенеміз.

Талдау мен нәтижелер

Функционалды грамматиканың категорияларының философия саласындағы пайда болуы осы ғылымның табиғат құбылыстарының мәнін, мазмұнын және даму процесін зерттеумен тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Бұл категориялардың ғылыми талдауға алынуы, олардың жаратылыстағы әртүрлі кезеңдер мен атрибуттарға қатыстылығын ашып көрсетеді. Тіл ғылымында бұл категориялардың зерттелуі әр түрлі тілдерде грамматикалық етістердің функционалды қасиеттерін түсінудің маңызды аспектілерінің бірі ретінде қарастырылады. Мәселен, ресейлік ғалым М.А. Шелякиннің етіс категориясының жалпы функционалды ерекшеліктеріне берген анықтамасы, «етіс категориясы сөйлемде іс-әрекеттің не субъективті, не объективтік байланыстарын өзектендіруші екі қарама-қарсы сөз формасынан тұрады» [2, 127-б.]. Осындай көзқарастар тіл ғылымындағы зерттеулердің кең ауқымын қамтиды және тілдік категориялардың маңызы мен олардың тілдегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты, З. Ахметжанова, О. Жұбаева, А. Жаңабекова, А. Солтанбекова сияқты ғалымдардың етіс категориясы бар сөйлемдердегі таксис, персоналдық, темпоралдық, локалдык категорияларды зерттеуі тіл біліміндегі ғылыми талдаудың маңызды бөлігі болып табылады.

Қазақ тіліндегі етіс категорияларының теориялық мәселелері жөніндегі талқылаулар, профессор Ғайша Имамбаеваның зерттеулері мен ресейлік ғалымдардың пікірлеріне сілтеме жасай отырып кеңейтілген. Осы зерттеулерде, Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінде баяндалған етіс категорияларының он түрі сияқты қазақ тілінің етіс категориялары қарастырылған. Заман өзгерісіне байланысты етіс категорияларының санының азаюы, сондай-ақ кейбір өзгерістердің еуроцентристік көзқарас аясында талқылануы Ольга Жұбаеваның баяндамасында атап өтілген. Ғайша Имамбаеваның «Қазақ тіліндегі етіс категориясының лексика-грамматикалық табиғаты» атты монографиясында баяндалғандай, етіс категориясы тілші ғалымдар арасында кеңінен талқыланып, оның грамматикалық құрылымдағы күрделілігі мен маңызы айқындалған. Бұл мәселелердің зерттелуі қазақ тіл білімінің дамуына үлес қосып, тілдің лексика-грамматикалық құрылымын тереңдете түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай пікір ала-құлалығының туындауы, біріншіден, етіс категориясы табиғатының ерекшелігіне, екіншіден, аралас лексика-грамматикалық категория болып есептелінуіне, үшіншіден, тарихи даму, өзгеру, жетілу процестеріне байланысты болуы керек» [3, 8-б.] деп атап өткен. Қазіргі кездегі лингвистикалық талқылауларда қазақ және түркі тілдерінде етіс категориясының мәні және оның сөз жасамдық қасиеттері қызу талқылануда. Етіс категориясының қызметі мен маңызы түркітану саласындағы кейбір ғалымдар тарапынан түрліше бағаланып, кей кездерде оның атауын қолданудан бас тарту сияқты пікірлер де орын алған. Мысалы, А.Н. Кононов, Ж. Дени сияқты түркітанушы ғалымдар етіс категориясының терминологиясын пайдалануға күмәнмен қарайды. Ғалым Ғайша Имамбаеваның баяндауынша, В.В. Радлов бастаған бір топ тілшілер етіс категориясын сөз жасаудың бір түрі ретінде қарастырған. Бұл көзқарастар етіс категориясының түркі тілдеріндегі рөлі мен қолданысын түсінуде маңызды орын алады және лингвистика саласындағы зерттеулерді кеңейтуге ықпал етеді. Отандық ғалымдар Е.Б. Ахметов, Ғ. Имамбаеваның пікірі бойынша «Етістің сөзжасамдық сипатын өз алдына салт, сабақтылыққа қатысты қарастырған дұрыс. Етіс қосымшалары тарихи тұрғыдан қазіргі түрлеріне қарағанда әлдеқайда көп болған және олардың сөзжасамдық қызметін де жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі тілімізде қолданыста бар туынды түбір етістіктер мен етістіктерден жасалынған есім сөздердің құрамынан да етіс көрсеткіштерін аңғаруға болады. Себебі түркологияда етіс қосымшалары сөз жасаушы жұрнақтар мен сөз түрлендіруші жұрнақтарға қаншалықты қатысты деген сұраққа жауап беруге әлі күнге дейін ғалымдарымыз талпынып келеді. Біз етіс көрсеткіштерін сөз тудырушы жұрнақтардың қатарына қоспағанмен, тарихи тұрғыдан етіс қосымшаларының қазір түбір деп ұғынылатын

сөздердің құрамында сақталып қалғандығын мойындаймыз [4, 9-б.]. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі етіс категорияларына берген грамматикалық сипаттамалары мен олардың сөйлемдегі функционалды рөлдерін айқындауы тіл білімінде елеулі қадам болды. Оның жұмысы арқылы іс-әрекеттердің мағынасына сай етіс категорияларының аталуы мен олардың әртүрлі функционалдық қызметтері ашылды. Бұл категорияларға сабақты етіс, салт етіс, өздік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, шағыс етіс, өсіңкі етіс, дүркінді етіс сияқты атаулар берілген. Әрбір етіс түрі іс-қимылдың мәнін тереңдете түсінуге көмектеседі және сөйлемдегі ойды нақтырақ жеткізуге мүмкіндік береді. Қ. Кеменгерұлы мен Қ. Жұбанов сияқты кейінгі ғалымдар Байтұрсынұлының еңбегін зерттеу барысында етіс категорияларының мағыналық ұқсастықтарын ескеріп, оларды біріктіре отырып, етіс санын азайтуға күш салған. Бұл өзгерістер қазақ тілін оқыту әдістемесінде де көрініс тапқан, алайда қазіргі оқулықтарда тек шектеулі сандағы етіс түрлері қарастырылады да *салт*, *сабақты*, *беделді*, *шағыс*, *өсіңкі және дүркінді етіс* атаулары аталмайды. Бұл жағдай тіл біліміндегі ғылыми талқылауларды және түркі тілдеріндегі етіс категорияларының күрделілігін түсінуді тереңдетуге шақырады. Қазақ тіл білімінде жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, етіс категорияларының грамматикалық құрылымында орын алған өзгерістер мен жетілдірулер, сондай-ақ орыс тіліндегі *действительный*, *страдательный*, *возвратный* және *взаимный* сияқты етіс түрлерімен салыстырмалы түрде зерттелгендігі айқын көрінеді. Бұл қазақ тіліндегі етіс категорияларының сипаттамаларының түсіндірілуі мен олардың сөйлем ішіндегі функционалдық қызметтерін ашып көрсетуде маңызды қадам болып табылады. Қазіргі заманғы тіл білімі саласындағы зерттеулер, қазақ тіліндегі етіс түрлерінің тұлғалық және мағыналық сипаттарына, сондай-ақ олардың тілдегі іс-әрекеттерді бейнелеудегі рөлдеріне ерекше көңіл бөлуде. Бұл бағыттағы зерттеулер етіс категорияларының қазақ тілі грамматикасында алатын орнын тереңдете түсінуге және тілдік құбылыстардың күрделілігін ашуға ықпал етеді. Төменде келтірілген мысалдар арқылы етіс түрлерінің тұлғалық және функционалдық сипаттарын айқындаудағы ғылыми талдаудың маңызы ашылады, бұл тіл зерттеуші ғалымдар үшін алдағы уақытта да басты зерттеу тақырыптарының бірі болып қала бермек. Мысалы, «Алғашында қуғыншы дүниені қомағай іштарлықпен қуып бара жатқан дүниеқоңыз бейнесінде *кескінделсе*, енді алтайы қызыл түлкіні сойылмен ұрып алған олжалы... түлкінің танауынан дірдектей аққан қанға сүйсіне, масаттана, қомағайлана қараған қансорғыш бейнесінде...» [5, 56-б.]. Бұл сөйлемдегі *кескінделсе* етістігі синтаксистік көрсеткіші болып, ырықсыз етіс түрінде келген баяндауышы болса, функционалдық қызметі ретінде каузалдық, аспектуалды, темпоралды категорияларға келеді. Каузалдық категория себеп-салдар арақатынасын білдіретін ұғым болғандықтан, *кескінделсе* етістігінің бұл сөйлемдегі атқарып тұрған қызметінің мағынасы, яғни қуғыншының дүниеқоңыздылығын көрсету себебінде тұр. «*Кескінделсе*» етістігін аспектуалды категория деп көрсетуіміздің себебі «...дүниені қомағай іштарлықпен қуып бара жатқан...» деген істің жасалуы барысында аяқталу сипатын көрсетеді де, темпоралды деп атауымыздың себебі сөйлем басында берілген «Алғашында» деген уақытты білдіретін сөзге тікелей қатынасы бар екенін көреміз. Сөйлем ішінде етістік тек өз күйінде ғана қалмай, өзінен бұрынғы және кейінгі тұрған сөз бірліктерінің де оның мағынасының ашылуына көмектеседі. Сөйлемнің мағынасы толық ашылуы үшін бір сөйлемде бірнеше функционалды категориялар кездесетіні заңдылық. Сөйлемде автор «Алғашында...» деген сөзді уақыт кеңістігін көрсету себебінен, оқырманға одан кейін тағы да іс-қимылдың боларын хабарлайтынын меңзейді. Бұл тұрғыда істің уақытқа тікелей қатысты екенін және бірнеше оқиға бір мезгілде қатар өрбитінін, кеңістікте істің ақиқат түрде болып өткенін, белгілі бір уақытта іс-әрекеттің жасалу ерекшеліктері мен сендіру амалдары қосылып, сөйлемнің кең көлемде ашылатынын айтқымыз келеді. Осылайша, сөйлем ішіндегі етістер өздерінің морфологиялық және семантикалық қасиеттері

арқылы мәтіннің мағынасын байытуға және оның мазмұнын кеңейтуге үлес қосады. Бұл, өз кезегінде, тілдік құбылыстарды талдаудағы көпқырлы қатынастарды ашып көрсетеді және тіл біліміндегі зерттеулердің маңызды бағыттарының бірін құрайды.

Ахмет Байтұрсынұлы тарапынан белгіленген етіс категорияларының қазақ әдебиетіне енгізілуі және олардың мағынасын ашуда функционалды категориялардың маңызды рөлі қазақ тіл біліміндегі терең зерттеулерге жол ашады. А. Байтұрсынұлының бұл бастамасы арқылы етіс категорияларының кең спектрі қазақ жазбаларында жарық көрген. Алайда, заман ағымына байланысты пайдаланылмаған кейбір етіс түрлері, әсіресе беделді және шағыс етістері Қ. Кемеңгерұлы мен Қ. Жұбанов сынды ғалымдардың зерттеулерінде қайта қаралып, олардың жаңа контекстерде қолданылу мүмкіндіктері талқыланады. Осындай көзқарастардың дамуы, қазақ тілінің грамматикалық жүйесін толықтыруға және оның байлығын арттыруға ықпал етеді. О.С. Жұбаева сияқты заманауи ғалымдардың зерттеулері етіс категорияларының маңызын жаңа көзқараспен қайта бағалауда маңызды рөл атқарып, тіл білімі саласындағы когнитивтік тұрғыдан талдауларға жаңа серпіліс береді: *А. Байтұрсынұлы жіктеуіндегі беделді етіс, өзгелік етіс, шағыс етістерді Қ. Кемеңгерұлы мен Қ. Жұбанов жинақтап, өзгелік етіс (беделді етіс – Қ. Жұбанов) түрінде берген. Қ. Кемеңгерұлы -т, -р, -қыз, -тыр, т.с.с. жұрнақтардың сөздің соңғы дыбысына қарай ауысып отыратынын, алайда олар сөзге бірдей мағына үстейтінін көрсетеді. Қ. Жұбанов беделді, өзгелік етістерді топтастырып беру себебін былайша түсіндіреді: «Бұрынғы өзгелік етіс пен беделді етісті екеуін бір қостық. Үйткені екеуі де – өзге біреу арқылы істелетін іс. Өзге біреуге беделдіні саласың ба, қорқытасың ба – бәрібір. Тіл мұнысын айырмайды». Сол сияқты өсіңкі, дүркінді етістерді етіс категориясына қоспаған [6, 107-б.]. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі етістерді салыстырмалы түрде қарастырғанда, қазақ тіліндегі сабақты етіс осы үш тілдің грамматикалық жүйесіндегі басқа етіс түрлеріне қарағанда өзгеше маңызға ие. Сабақты етіс қазақ тіліндегі іс-әрекеттің нәтижесінде субъект пен объект арасындағы өзара қатынасты көрсететін негізгі құрал болып табылады. Бұл етіс түрінің үш тілде де болуы, тілдер арасындағы қатынастарды және әрекеттердің мағыналық жүктемесін ашудағы универсалдық рөлін көрсетеді. Оны келесі мысалдан көре аламыз: Алтын өзі шірімесе де, *алуан басты* шірітер (мақал), (although gold does not rot it will rot one's big head / умный человек – хозяин деньгам, а скупой - слуга) [7, 60-б.]. Сабақты етістің осы қасиеттері тіл білімінде маңызды зерттеу объектісі болып табылады және оның қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі іс-әрекеттерді бейнелеу жүйесіндегі ортақ элементтері мен ерекшеліктерін ашып көрсетуде маңызы зор. Осындай тілдік құбылыстарды тереңірек түсіну, тілдер арасындағы салыстырмалы зерттеулерді одан әрі дамытуға және қазақ тілінің грамматикалық құрылымының байлығын көрсетуге ықпал етеді. Мысалы, орыс тілінде: *Мы уже рассматриваем этот вопрос* [8, 31-б.]. Бұл орыс грамматикасында *действительный залог* түрі. Субъект *Мы* болса, табыс септігінің «нені?» деген сұрағына жауап беретін сөйлем ішіндегі объект ол *этот вопрос*. Ағылшын тілінде сабақты етіске балама болатын етіс түрін *Active voice* (оқылуы актив войс, орыс тіліндегі аудармасы *действительный залог*) дейміз. Мысалы, келесі мына сөйлемдегі: *Sometimes the spiders lure their victims by vibrating the web to mimic the struggles of a trapped insect* [9, 14-б.] субъект қызметінде *the spiders*(*өрмекшілер*) деп белгіленсе, объекті *victims* (*құрбандарын*) сөзі болып табылады. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде етіс категориясының арқасында құрылған сөйлемдердің ішінде субъектілер мен объектілер арасындағы өзара қатынастың қалай көрініс табатыны тілдік құрылымдар арқылы бейнеленеді. Бұл үш тілдің грамматикалық жүйелері арасындағы ұқсастықтардың кейбір элементтері етіс категориясын қолдана отырып құрылған сөйлемдерде айқын көрінеді. Етіс категориясына негізделген сөйлемдер, синтаксистік бірліктер ретінде бастауыш пен толықтауыштың болуы арқылы өздерінің толық мағынасын ашады, бұл іс-әрекеттің мән-мағынасын және сөйлемдегі қатынастарды түсінуге мүмкіндік*

береді. Мұндай тілдік құбылыстардың зерттелуі, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің грамматикалық конструкцияларындағы қатынастардың күрделілігі мен байлығын ашып көрсетеді.

Салыстырмалы-тарихи лингвистика туыстас тілдердің эволюциясы мен байланысын зерттеу арқылы тілдердің өзгеру процестерін түсінуге бағытталған, ал типологиялық зерттеулер әлемдік тілдердің құрылымдық және функционалдық әртүрлілігін салыстыру арқылы олардың ортақ типтік сипаттарын анықтауды көздейді. Осы екі зерттеу бағытының негізгі айырмашылығы – салыстырмалы-тарихи зерттеуде негізінен туыстас тілдер арасындағы тарихи және эволюциялық байланыстарға көңіл бөлінсе, типологиялық зерттеуде туыстығы жоқ тілдердің құрылымдық әртүрліліктері мен функционалдық сипаттары арқылы олардың ортақ жалпы белгілері ашылады. Бұл зерттеулер тілдік фактілердің кең ауқымды салыстыруын қамтиды және тілдің жүйелік құрылымын талдауда ғана емес, сонымен қатар тілдердің типологиялық жіктелуінде де маңызды [10, 21-б.]. Осы арқылы тіл білімі саласындағы түсініктер мен теориялардың дамуына үлес қосады, тілдер арасындағы өзара байланыстар мен айырмашылықтарды ашып көрсетеді.

Жоғарыда қазақ тілі грамматикасындағы етіс категорияларына мысал беріп кеткеніміздей, ендігі кезекте екі тілдегі етістерді салғастыру мақсатында ағылшын тілінде жазылған шығармаларынан алынған сабақты және ырықсыз етісте берілген сөйлемдерді төменде талдап көрсетейік және ағылшын тіліндегі етіс категорияларының функционалды-семантикалық аспектілерін, сонымен қатар, олардың қазіргі тіл білімі саласындағы маңыздылығын талдайық.

Біріншіден (Active voice) сабақты етісі бар сөйлемнен мысал беретін болсақ, ол төмендегідей:

“I have never seen one who interested me more,” said Mrs. Merton, settling her *pelerine*; “she is extremely pretty [11, 43-б.]” Аудармасы: «Мен мұндай адамды көрген емеспін, ол мені одан сайын қызықтыра түсті», - деді Мертон ханым, пелеринесін түзеп, «ол өте сұлу».

Бұл берілген сөйлемдегі сабақты етісінің функционалдылығын талдайтын болсақ, тікелей субъектінің (Мертон ханым) іс-әрекетін (көрген және сөйлеген) көрсетеді. Сабақты етіс субъектінің жеке тәжірибесі мен пікірін баса көрсетеді, осылайша әңгіме қызықтырақ және тікелей бағытталған болады.

Ендігі кезекте семантикалық талдауына келер болсақ, берілген сөйлем адамның өзінің жеке куәлік беруін және таңдауын білдіреді. Сөйлеушінің тікелей араласуы мен субъектіге деген әдемі сезімдерін («ол өте сұлу») баса көрсетеді. Бұл жерде сабақты етістің қолданылуы айқын және кейіпкердің істі жасап дамытуына үлес қосады.

Бұл талдаудың қазіргі тіл біліміндегі маңыздылығын ашар болсақ, талдау жүргізу барысында сабақты етіс әңгіменің айқындығы мен динамикалығы үшін бағаланады. Сөйте отырып, оқырманды дереу байланыс орнатуға және кейіпкерлердің эмоциялары мен ойларын тікелей жеткізуге тиімді. Сабақты етіс оқырманға ойды жеткізуде әсерлеу мақсатында маңызды қызмет атқарады.

Келесі кезекте ағылшын тілінде жазылған шығармалардан сөйлем алып ондағы (Passive voice) ырықсыз етістің сөйлем ішіндегі қызметіне талдап қарастырайық.

“I was left there alone – winner of the field [12, 47-б.]” – «Мен жалғыз қалдым — даланың жеңімпазы». Сөйлемді істің ырқынан тыс жасалып тұрғанын «I was left» екенін ағылшын тілі грамматикасындағы ырықсыз етістің жасалу жолы “to be V3/ed” арқылы танып білуге болады. Алайда, берілген ырықсыз етістің сөйлем ішіндегі функционалдылығын бір қарап ұғына беру көп оқырманға таныс бола бермейді. Шынтуайтында, ырықсыз етістің сабақты етіске қарағанда функционалдылық тұрғысынан көп қызмет атқаратынын біле бермейтінімізді де атап өткіміз келеді. Негізі, грамматикамызда кездескендіктен оның функционалдылығын да, семантикасын да білу, қолданысқа түсу ағылшын тілінде де, қазақ

тілінде де тіл байлығының қорын қаншалықты толғанын көрсетуге болады. Яғни, жоғарыда берілген мысалдағы ырықсыз етістің құрылымы назарды кімнің әңгімелеушіні жалғыз қалдырғанынан оның жалғыз қалу күйіне ауыстырады. Бұл жерде ырықсыз етістің қолданылуы әңгімелеушіге әсер еткен басқалардың әрекеттерінің әсерін атап өтеді. Семантикалық мәніне келер болсақ, “-winner of the field”

«Даланың жеңімпазы» деген сөз тіркесі ырықсыз контексте жеңіс сезімін жалғыздықпен қайшылықты түрде біріктіреді. Әңгімелеушінің білдіретін эмоциясын да тыс қалдырмайды. Сонымен қатар, екіжақтылық нарративті байытады, себебі, әңгімелесушінің ішкі күйіне тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Ырықсыз етістің қазіргі лингвистикадағы өзіндік маңыздылығы да бар. Оның себебіне келсек, ырықсыз етісті әрекеттің әсерлерін іс-әрекет жасаушыдан гөрі алда тұратын сипаты үшін зерттеледі. Бұл әсіресе әдеби контекстерде басымырақ көрінеді. Себебі ол кейіпкерлердің бастан кешірілгендерін, реакцияларын атап өтуге көмектеседі. Ең бастысы психологиялық бейнелер мен тақырыптық дамуды тереңдетеді.

Бұл мысалдарда сабақты етіс мәтіндердегі ойдың шұғылдық пен айқындықты, оқиғаның жанды және тартымды болуын қамтамасыз етсе, ырықсыз етіс мәтіндегі стратегиялық түрде салдарлар мен эмоциялық тереңдікті атап өту үшін пайдаланылады. Қазақ тілінде немесе ағылшын тілінде болсын әр етістің өзіндік формасы мен мазмұны, қолданыстағы көзделген мақсаттары бар екені анық және оларды осы мақалада айқындап, талдап көрсетуге тырыстық.

Зерттеудің нәтижелері тіл білімінің өрісінде жаңа білімдерді қалыптастыруға, тіл құрылымындағы функционалдық байланыстарды ашық көрсетуге және тілдердің даму динамикасын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл білімдер тілдік құбылыстарды жан-жақты талдауда және тіл оқыту әдістемесін жетілдіруде пайдалы болады. Осы зерттеулер арқылы тіл білімінде теориялық және әдістемелік негіздердің дамуына үлес қосылғанын көруге болады.

Қорытынды

Қазақ тілінің етіс категорияларының тарихына көз жүгіртсек, олардың пайда болуынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі ғылыми тұрғыдан теориялық және зерттеу жұмыстарының ықпалымен күрделі өзгерістерге ұшырағанын көреміз. Бұл өзгерістер, әсіресе, шағыс етіс сынды арнайы функционалдық маңызы бар етіс түрлерінің танылуы мен қолданылуына қатысты ғалымдар арасындағы пікірталастарды қамтиды. Бұл зерттеулер шағыс етістің ортақ етіс түрімен біріктірілмей, өз алдына ерекше етіс ретінде сақталуының маңыздылығын көрсетеді. Сабақты етіс категориясының қазақ тіліндегі орны және оның грамматикалық жүйедегі басқа етіс категориялары арасындағы басты рөлін айқындау арқылы, қазақ тілінің оқулықтарында осы етіс түрінің басымдылығын ескеру қазақ тіл білімін одан әрі дамытудың маңызды қадамы болмақ. Қазақ тілі әдістемесінде тілді мәтін арқылы үйрету әдісі бар екені белгілі. Тілдік деңгейлердің (A1, A2, B1, B2) ерекшеліктерін ескере отырып, әр деңгей үшін мәтіндер құрастырылады. Тіл үйренушілер мәтінді оқыған кезде өздеріне таныс сөздерге назар аударып, мәтін мазмұнын түсінуге тырысады. Соңынан таныс емес сөздермен жұмыс істеу арқылы мәтін мазмұнымен толық танысады. Осындай таныс және таныс емес сөздер мәтін мазмұнын жақсы есте сақтату үшін тірек ретінде қолданылады [13, 8-б.].

Сондықтан, жоғарыда сілтеме берілген ойға келісе отырып, етістің категориясына қатысты ойымызды былайша жеткіземіз. Яғни, бастапқы он етіс категориясының қазақ тілі грамматикасындағы орны мен маңызы туралы әңгіме қозғалғанда, олардың әрқайсысының функционалдылығына тереңдетіп зерттеу жүргізу қажеттілігі айқын. Егер осы етіс түрлері тіліміздің грамматикалық жүйесіне толықтай қайта енгізіліп, олардың мән-мағынасы толығымен ашылса, қазақ тілінің байлығы мен әр алуандығы одан сайын артар еді. Мұның

өзі етіс категориясының қайта қарастырылуы тиіс екендігін білдіреді. Заманауи өзгерістерге бейімделе отырып, қазақ тілінің лексика-грамматикалық нормаларын сақтау арқылы тілдің өзектілігін жоғалтпай, мәдени және лингвистикалық мұрасын қорғауымыз қажет. Бұл ретте, өзге тілдердің ықпалынан алшақтап, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын басшылыққа алып, тіліміздің дамуына жаңа серпін беруіміз керек. Орыс тілінен (шетел тілдерінен) келген аудиториялар үшін қазақ тілінің етіс категориясын үйренуде кездесетін қиындықтар мен түсінбестіктер, әсіресе, табыс септігінің жасырын қолданысын түсінудегі кедергілерді көрсетеді. Мәселен, «Май жақ» сияқты сөйлемдердің мағынасын толық ашу үшін, сөйлем ішіндегі жасырын мағыналы элементтерге ерекше назар аудару қажет. Осыған байланысты, тіл үйренушілерге сөйлемді толыққанды түсіндіру үшін олардың логикалық және грамматикалық анализ жасау дағдыларын дамыту маңызды. Сондай-ақ, орыс тілінің грамматикалық жүйесімен салыстырғанда кездесетін түсініксіз жағдайларды жеңілдету үшін нақты мысалдар мен түсіндірмелер беру арқылы қазақ тілінің ерекшеліктерін тиімді түсінуге ықпал етуге болады. Мысалы, қазақ тілін үйренушілер *Май жақ* деген сөйлемдегі *май* сөзін – зат есім, *жақ* – етістік деп айқындайды. Бұны етіс категориясындағы сөйлем деп қабылдамау себебі – сөйлем ішінде табыс септігіне (кімді? нені?) жауап беріп тұрған сөздің жоқтығын алға тартады. Алайда, бұл сөйлемнің сыры – табыс септігіне жауап беруші сөздің мағынасы сөйлем ішінде жасырын жатқандығында. Бұндай жасырын мағыналы сөйлемдер ауыз-екі сөйлеуде кездесіп тұратыны әбден мүмкін. Егер орыс (шетел) тілді аудиториядағы қазақ тілін үйренушілерге *Майды нанға жақ* деген сөйлем ретінде анығырақ берер болсақ, олар *нені* деген сұрақты қою арқылы сөйлемді етіс категориясына жататынын түсінген болар еді. Дегенмен, орыс аудиторияларында табыс септікте тұрған сөзді таба алмай шатасуларының тағы да бір себебі, орыс тіліндегі *винительный падеж*-дің сұрақтары *кого? что?* болып келгендіктен, көбіне *что?* сұрағына мән беріп, *иминительный падеж кто? что?* сұрақтарындағы *что?* сұрағымен шатастыратындықтарында. Кез келген аудиторияда қазақ тілін оқыту мен үйрету үрдісінде, тілдік күрделіліктерді жеңілдету жолдарын іздестіру, өмірдегі нақты құбылыстар мен жағдаяттарды үлгі ету арқылы тілдің сұлулығы мен көркемдігіне ерекше назар аудару, оқыту әдістемесінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Егер біз қазақ тілін күнделікті қарым-қатынаста көркем және тартымды түрде пайдалана білсек, бұл тіл үйренуге деген ынтаны арттырып, тіл біліміне деген сұранысты күшейтер еді. Осы орайда, мектептен бастап практикалық қазақ тілі оқулықтарында грамматикалық ережелерді тереңдете зерттеу және білім беру – Ахмет Байтұрсынұлы белгілеген етіс категорияларының қолданыстағы маңызы мен өміршеңдігін одан әрі нығайтуға ықпал етер еді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларының ерекшеліктерін салғастыру арқылы тілдік құрылымдардың әртүрлілігін ашу алдағы мақсаттардың бірі болып қала бермек. Бұл зерттеу екі тілдің грамматикалық құрылымдарын тереңірек түсінуге және олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік беретінін қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің біріне айналып келе жатқанын да білеміз. Оның бір дәлелі ретінде таяуда жарыққа шыққан қазақ және ағылшын тілінде түсіндірме сөздерімен бірге мысалдарымен ұсынылған оксфорд сөздігі дәлел бола алады. Екі тілдің етіс категорияларын салғастыру барысында зерттеу нәтижесі қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларының әртүрлі жүйелерде құрылғаны анықталды. Қазақ тілінде етіс категориясы жұрнақтар арқылы жасалса, ағылшын тілінде бұл категория көбінесе көмекші етістіктер арқылы білдіріледі. Ағылшын тілінің өзіндік грамматикалық ерекшелігі бойынша көмекші етістігі актив войста емес, пассив войста ғана орын алады. Мәселен келесі сөйлемде қазақ тілінде «зерделенеді» деген сөйлем ішіндегі етіс ағылшын тілін сөйлемді толық аударған кезде «to be» етістігінің жіктелу формасы «is» қолданысы арқылы аударылатынын көреміз: «Педагогиканың ғылыми пәндер жүйесі ретіндегі құрылымының даму генезисі»

зерделенеді. / The development genesis of the structure of pedagogy as a system of scientific disciplines *is examined* [14, 12-б.]. Қазақ тіліндегі етіс жұрнақтары етістіктің мағынасына қосымша мағыналар үстеу арқылы іс-әрекеттің орындалу тәсілін, іс-әрекеттің субъектісі мен объектісі арасындағы қатынасты нақтылайтынын атап өттік. Мысалы, «жаз» етістігіне «-дыр/-дір» жұрнағын қосу арқылы «жаздыр» етістігі іс-әрекеттің басқа біреу арқылы орындалуын білдіретінін көрсеттік. Ал ағылшын тіліндегі етістің жасалу жолына келетін болсақ, мысалы, «write» етістігін «to make someone write» немесе «to be written» түрінде өзгерте отырып, етіс мағынасын көрсетуге болады, бұл жағдайда көмекші етістіктер (make, be) қолданылады. Бұл туралы жоғарыда атап өттік, яғни ағылшын тілінде пассив войстағанакөмекші етістіктің түрленген формасы арқылы жасалатынын. Ал актив войсы болса, ол қазақ тіліміздегі салт етістіктің жасалу жолына ұқсайды. Мәселен: “I write essay once a week” және осы сөйлемді пассивке ауыстырған кезде көмекші етістікті қолданып “Essay is written once a week” деген көрініс береді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларының салғастырмалы талдауы көрсеткендей, екі тілдегі етіс құрылымдарының арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Қазақ тілінде етістіктердің мағынасын өзгертетін жұрнақтар кеңінен қолданылса, ағылшын тілінде көмекші етістіктер арқылы етіс мағынасы жасалады. Бұл айырмашылықтар тілдік құрылымдардың мәдени және тарихи дамуының әсерінен туындайды деп болжауға болады. Сондай-ақ, бұл салғастырмалы зерттеу тіл үйренушілерге және аудармашыларға екі тіл арасындағы құрылымдық ерекшеліктерді түсінуге көмектеседі деген пайымдауға болады.

Тілдер арасындағы бұл түсініктемелер олардың қолданылу аясын кеңейтуге және тілдік білімді тереңдетуге ықпал етеді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категорияларын салғастыру іс-әрекеттер мен олардың орындаушыларының грамматикалық жағынан қалай білдірілетіндігінде маңызды айырмашылықтарды ашып көрсетеді. Қазақ тілінде етіс көбінесе етістіктерге тікелей қосылатын жұрнақтар арқылы білдіріледі, бұл етістікке себепкерлік, өздік немесе бейтараптық сияқты нюанстарды қосып, сөйлем мағынасын байытады. Бұл морфологиялық ерекшелік сөйлеушінің мақсатына сәйкес етістіктердің мағынасын қысқа және икемді түрде өзгертуге мүмкіндік береді. Ал ағылшын тілінде негізінен көмекші етістіктер етіс категориясын білдіру үшін қолданылады, бұл оның құрылымын бекітілгенімен қатар анық және түсінікті етеді. Бұл айырмашылық тек әр тілдің грамматикалық құрылымдарының ерекшелігін ғана емес, сонымен қатар қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлеушілердің іс-әрекеттер мен агенттердің нюанстарын білдіру үшін қолданатын кең ауқымды тілдік стратегияларды да көрсетеді. Бұл айырмашылықтарды түсіну тілдік зерттеулер, аударма дәлдігі және тіл үйрену үшін маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 191 б.
2. Шелякин М.А. Функциональная грамматика русского языка. – М.: Русский язык, 2001. – 288 с.
3. Имамбаева Ғ.Е. Қазақ тіліндегі етіс категориясының лексика-грамматикалық табиғаты: монография. – Павлодар: ЭКО, 2014. – 352 б.
4. Ахметов Е.Б., Имамбаева Ғ.Е. Етіс категориясының теориялық мәселелері // Торайғыров университетінің хабаршысы. – 2010. – №3. – Б. 6–11.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл құралы. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.
6. Жұбаева О.С. «Етіс» грамматикалық концепті: когнитивті аспект // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. «Филология» сериясы. – 2017. – №3 (167). – Б. 105–113.
7. Ахметова С.Г. Қазақша – ағылшынша – орысша фразеологиялық сөздік. – Алматы: Мектеп, 2021. – 696 б.
8. Труды института лингвистических исследований. Том XI, часть 1. – СПб.: Наука, 2015. – 901 с.

9. Hopkins Diana, Cullen Pauline. Grammar for IELTS. Self-study grammar reference and practice. – Cambridge: Cambridge University Press, 2007. – 258 p.
10. Жұмсалымды грамматика: монография-оқулық. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 508 б.
11. Bulwer-Lytton E. Alice, or the Mysteries. – M.: RUGRAM, 2018. – 664 с.
12. Бронте Ш. Джейн Эйр / пер. с англ. В.О. Станевич. – М.: Эксмо, 2020. – 576 с.
13. Омарова С.Қ., Қадашева Қ.Қ., Мырзаханова. А.Қ. Қазақ тілін үйретуде мнемоникалық әдістерді қолданудың тиімділігі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4(130). – Б. 209–220.
14. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 б.

REFERENCES

1. Alkebaeva D.A. Qazaq tilinin funkcionaldy grammatikasy [Functional grammar of Kazakh language]. – Алматы: Qazaq universiteti, 2019. – 191 b. [in Kazakh]
2. Sheliakin M.A. Funkcionalnaia grammatika russkogo iazyka [Functional grammar of Russian language]. – M.: Russkiy iazyk, 2001. – 288 s. [in Russian]
3. Imambaeva G.E. Qazaq tilindegi etis kategoriasynyn leksika-grammatikalыq tabigaty: monografiya [The lexics-grammatic feature of Kazakh voice category: monography]. – Pavlodar: EKO, 2014. – 352 b. [in Kazakh]
4. Ahmetov E.B., Imambaeva G.E. Etis kategoriasynyn teorialyq maseleleri [Theoretical issues of categories of voice] // Toraigyrov universitetinin habarshysy. – 2010. – №3. – B. 6–11. [in Kazakh]
5. Baitursynuly A. Til quraly [Language tool]. – Алматы: Sardar, 2009. – 348 b. [in Kazakh]
6. Jubaeva O.S. «Etis» grammatikalыq koncepti: kognitivti aspekt [Grammatical concept of “Voice”: cognitive aspect] // Al-Farabi atyndagy Qazaq ulttyq universitetinin habarshysy. «Filologia» seriasy. – 2017. – №3 (167). – B. 105–113. [in Kazakh]
7. Ahmetova S.G. Qazaqsha – agylshynsha – orysshа frazeologialыq sozdik [Phraseological dictionary Kazakh-English-Russian]. – Алматы: Mektep, 2021. – 696 b. [in Kazakh]
8. Trudy instituta lingvisticheskikh issledovaniy [Work of linguistic investigation of institute]. Tom XI, chast 1. – SPb.: Nauka, 2015. – 901 s. [in Russian]
9. Hopkins Diana, Cullen Pauline. Grammar for IELTS. Self-study grammar reference and practice. – Cambridge: Cambridge University Press, 2007. – 258 p.
10. Jumsalymdy grammatika: monografiya-oqulyq [Practical Grammar: monograph-textbook]. – Алматы: Memlekettik tildi damytu instituty, 2016. – 508 b. [in Kazakh]
11. Bulwer-Lytton E. Alice, or the Mysteries. – M.: RUGRAM, 2018. – 664 с.
12. Bronte Sh. Djein Eir / per. s angl. V.O. Stanevich. – M.: Eksmo, 2020. – 576 s. [in Russian]
13. Omarova S.Q., Qadasheva Q.Q., Myrzahanova. A.Q. Qazaq tilin uiretude mnemonikalыq adisterdi qoldanudyn tiimdiligi [The Effectiveness of Using Mnemonic Methods in Teaching the Kazakh Language] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №4(130). – B. 209–220. [in Kazakh]
14. Taubaeva Sh.T. Pedagogikanyn filosofiasy jane adisnamasy [The Effectiveness of Using Mnemonic Methods in Teaching the Kazakh Language]: oqulyq. – Алматы: Qazaq universiteti, 2016. – 340 b. [in Kazakh]